

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ
НАУК РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
Қазақстан Республикасының
педагогикалық университетінің
Абая

THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
Abai Kazakh National Pedagogical
University

PUBLISHED SINCE 1944

5 (399)

SEPTEMBER – OCTOBER 2022

ALMATY, NAS RK

БАС РЕДАКТОР:

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:

БИЛЯЛОВ Дархан Нұрланұлы, PhD, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

ҒАЛЫМ ХАТШЫ:

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 4**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н = 2**

ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

№ 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2022
Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:

БИЛЯЛОВ Дархан Нурланович, PhD, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального педагогического университета им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 4**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Лязгат Мыктыбековна, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: ООО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2022

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

EDITOR IN CHIEF:

TUIMEBAYEV Zhanseit Kanseitovich, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

DEPUTY CHIEF DIRECTOR:

BILYALOV Darkhan Nurlanovich, Ph.D, Honorary Member of NAS RK, Rector of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

SCIENTIFIC SECRETARY:

ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

EDITORIAL BOARD:

SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

LUKYANENKO Irina Grigor'evna, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

SHISHOV Sergey Evgen'evich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 4**

SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

ABILDINA Saltanat Kuatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

RYZHAKOV Mikhail Viktorovich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2022

Address of printing house: ST «Aruna», 75, Muratbayev str, Almaty.

А.А. Куралбаева^{1*}, Б.М. Баймуханбетов¹, Г.Е. Абылова²

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан;

²Халықаралық туризм және қонақжайлылық университеті,
Түркістан, Қазақстан.

E-mail: aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz

«САУАТ АШУ» ОҚУЛЫҒЫНДАҒЫ ТАРАУЛАР МЕН ТАҚЫРЫПТАРҒА МАЗМҰНДЫҚ ТАЛДАУ

Аннотация. «Сауат ашу» – жалпы білімнің негізін құрайтын аса маңызды пәндердің бірі. Пәнді оқу барысында баланың алғашқы жазу және оқу дағдысының қалыптасуы жүзеге асады. Ол өз кезегінде баланың ары қарай білім алуында жетекші қызмет атқарады. Бұл зерттеу жұмысының мақсаты, алғашқы жазуға үйрету үдерісінің теориялық негіздерін зерделеу болып табылады. Зерттеу жұмысының маңызын ашуда тақырып бойынша сауат ашудың базалық білім мазмұнына талдау және сауат ашудың әр кезеңінде жазудың ерекшеліктері туралы зерделенген.

Зерттеу барысында мәліметтерді мазмұндық талдау әдісі көмегімен 1 сыныптың «Сауат ашу» 1-бөлім, «Сауат ашу» 2-бөлім оқулықтарындағы тарауларға, сауат ашудың 3 кезеңі бойынша берілетін жаттығу түрлеріне мазмұндық талдау жасалынды. Деректер - зерттеу тақырыбы бойынша психологиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттер мен мақалаларды талдау арқылы жинақталды. Зерттеу негізінде сауат ашу пәнінің базалық білім мазмұнына және сауат ашудың әр кезеңіне (әліппеге дейінгі, әліппе, әліппеден кейінгі) талдаулар жүргізілген. Сонымен қатар сауат ашудың әр кезеңіндегі жазуға үйрету жұмыстарының ерекшеліктері қарастырылған. Зерттеу нәтижесінде алғашқы жазуға үйрету үдерісінің теориялық негіздері бойынша әр кезеңнің мазмұнына жеке тұжырым мен бірінші сынып «Сауат ашу» оқулығының 1-2 бөлімдеріндегі тараулар бойынша жазу дағдысына байланысты жаттығулар саны мен түрлеріне салыстырмалы талдау жасалған.

Зерттеу нәтижесінде баланың көркем жазуына, әріптерді дұрыс бейнелеуіне, әріптерін дұрыс меңгеруіне және сөздерді буынға дұрыс бөліп жазуына

Е.А. Лысенкова, Е.В. Ляскина және Плотникованың әдістерінің көмегі мол және тиімді әдіс екендігі жазылған.

Түйін сөздер: жазу, әліпби, сауат ашу, жазу каллиграфиясы, көркем жазу.

А.А. Куралбаева^{1*}, Б.М. Баймуханбетов¹, Г.Е. Абылова²

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан;

²Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан.

E-mail: aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz

АНАЛИЗ СОДЕРЖАНИЯ ГЛАВ И ТЕМ УЧЕБНИКА «САУАТ АШУ»

«Сауат ашу» – одна из важнейших предметов, составляющих основу общего образования. В процессе изучения предмета у ребенка развиваются первые навыки письма и чтения. В свою очередь, он играет ведущую роль в дальнейшем обучении ребенка. Целью данного исследования является изучение теоретических основ процесса обучения первому письму. С целью выявления значимости исследования изучаются анализ содержания базовых знаний о грамотности и особенности письма на каждом этапе грамотности.

В ходе исследования был проведен контент-анализ разделов «Сауат ашу. Часть 1», «Сауат ашу. Часть 2» учебников 1-го класса, видов упражнений для 3 ступеней грамотности. Сбор данных осуществляется путем анализа психологической, педагогической и методической литературы и статей по теме исследования. На основе исследования было проанализировано содержание базовых знаний предмета грамотности и каждого этапа грамотности (доалфавитный, алфавитный, посталфавитный). При этом предусмотрены особенности обучения письму на каждом этапе развития грамотности. В результате исследования проведен сравнительный анализ количества и видов упражнений, связанных с навыками письма в главах 1-2 учебника для 1 класса «Сауат ашу», на основе теоретической базы процесса обучения письму первого класса. В результате исследования было написано, что методики Е.А. Лысенковой, Е.В. Ляскиной и Плотниковой помогают художественному письму ребенка, правильно изображать буквы, правильно учить их буквы, правильно делить слова на слоги.

Ключевые слова: письмо, алфавит, грамотность, письменная каллиграфия, пропись.

A.A. Kuralbayeva^{1*}, B.M. Baimukhanbetov¹, G.E. Abylova²

¹Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Kazakhstan, Turkestan;

²International University of Tourism and Hospitality, Kazakhstan, Turkestan.
E-mail: *aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz*

ANALYSIS OF CONTENTS OF CHAPTER AND TOPICS IN «SAUAT ASHU» TEXTBOOK

Abstract. «Sauat ashu» is one of the most important subjects that form the basis of general education. In the process of studying the subject, the child develops the first writing and reading skills. In turn, it plays a leading role in the further education of the child.

The purpose of this research is to study the theoretical foundations of the process of teaching the first letter. In order to identify the significance of the study, the analysis of the content of basic knowledge about literacy and the peculiarities of writing at each stage of literacy are studied.

In the course of the research, a content analysis of the sections «Sauat ashu Part 1», «Sauat ashu Part 2» of the 1st grade textbooks, types of exercises for 3 levels of literacy was carried out. Data collection is carried out by analyzing psychological, pedagogical and methodological literature and articles on the research topic.

Based on the study, the content of basic knowledge of the subject of literacy and each stage of literacy (pre-alphabetic, alphabetic, post-alphabetic) was analyzed. At the same time, features of teaching writing at each stage of literacy development are provided. As a result of the study, a comparative analysis of the number and types of exercises related to writing skills in chapters 1-2 of the textbook for grade 1 “Sauat ashu” was carried out, based on the theoretical basis of the first grade writing teaching process.

As a result of the study, it was written that the methods of E.A. Lysenkova, E.V. Lyaskina and Plotnikova help the child’s artistic writing, correctly depict letters, learn their letters correctly, and correctly divide words into syllables.

Key words: writing, alphabet, literacy, written calligraphy, prescription.

Кіріспе. Оқулықтар білім беру және оқыту мақсатында пайдаланылатын негізгі ресурс болып табылады. Оқулық оқушының жасына сәйкес келетін танымдық дағдылармен жабдықталған бай мәтіндерден тұрады (Чечен М.А., Чифтжи Ө. 2007, 16 б.). Оқу және оқыту үдерісінде оқушылардың нені үйренетіндігі мен мұғалімнің нені үйрететіндігі айтарлықтай маңызды болып табылатын оқулық оқушылардың назарын аударып, пәнге деген қызығушылығын арттырады (Кучукахмет, 2011, 39-49 б.).

Құралбаева мен Ақиолдың зерттеулерінде (2020, 151-б.) оқулық оқу қағидаттарына сәйкес дайындалған, оқушыларға сәйкес келетін танымдық және аффективті дағдылар туралы бай мәтіндерден тұратын баспа және оқу

материалы ретінде жазу дағдыларын меңгеруде оқушылардың жасы мен білім деңгейі маңызды рөл атқарады. Себебі, алғашқы оқу және жазу дағдылары (оқу, жазу, сөйлеу, тыңдау) мәтін бойынша жасалған тапсырмалармен жүзеге асады деп жазады. Сонымен қатар, кітап адамдар қарым-қатынас жасайтын таным мен мәдениеттің құралы болып табылады. Оқулықтардың даму үдерісі адамзат тарихы сияқты ескі. Оқулықтардың дамуы кітаптардың дамуымен бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Кітап баланың жеке басын дамытуда, тәрбиелеуде және қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Оқулықтар білім беру мақсаттарын орындайтын және оқушылардың оқу нәтижелерінің көзі болып табылатын оқу материалдарының бірі, тіпті жалғыз оқу материалы ретінде қарастырылады (Қуралбаева, т.б., 2021, 11 б.). Оқу бағдарламалары мен оқулықтар үшін мәтінді таңдау тілді оқытуға қатысты маңызды мәселе болып табылады. Тілді оқытуда таңдалған мәтіндер мен оқулықтардың мазмұны мен сапасы жоғары болуы маңызды.

С. Рахметова (2005, 43 б.): «Оқулықтарға енген материалдарды тақырыбы мен мазмұны жағынан топтасақ, екі үлкен бөлімнен тұрады: көркем мәтіндер және ғылыми танымдық мәтіндер. Бұл бөлімдердің әрқайсысының мазмұнында да, оқу әдістемесінде де өзіне тән ерекшеліктер бар. Көркем шығармалар ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті үлгілерін қамтиды. Жаңа оқулықтардағы материалдар жүйеленуі жағынан тақырыптық принциппен орналастырылған, яғни бірнеше материал бір тақырыпқа жинақталып беріледі. Мұндағы мақсат – белгілі бір тақырып бойынша оқушыларға түрлі уақиғаларды суреттейтін сан алуан материалдарды оқыту арқылы жан-жақты ұғым, кең мағлұмат беру» – деп жазады.

Қ.Б. Күдерінова (2013, 6 б.) өзінің «Қазақ жазуының тарихы мен теориясы» оқулығында жазу адамзаттың ең ұлы мәдени құндылықтарының бірі, өркениет дамуының ажырамас бөлігі болып табылатыны атап өтілген. Адамзат мәдениетінің өркениетке жасаған қадамы қатты жазудың пайда болуынан басталады, ал өркениеттің әлемде таралуы жазбаша қарым-қатынас пен жазбаша тілдің дамудың жоғары деңгейіне жеткенін көрсетеді. Бүгінгі күні жазу саласының кеңеюі соншалық, оны жазу және мәдениет, жазу-өркениет, жазу-қоғам, жазу және ойлау, жазу және тіл, жазу және қарым-қатынас сияқты негізгі ұғымдарға қарсы қарауға болады деп жазған.

Б.Б. Нурмаканова (2010, 152 б.) өз жұмысында әдемі жазу-бұл өнер, таза, анық, әдемі жазылған шығарма оңай оқылатынын және осы мәтін мен берілген ойды оңай түсінетінін атап өтті. Әріптерді әдемі және көркем түрде салуға үйрету үшін жүргізілген оқу оқушының бойында жақсы қасиеттерді қалыптастыруда тиімді. Бала мектепке алғаш келген сәттен бастап жазуға жеткіліксіз көңіл бөлу көбінесе немқұрайлылық пен жауапсыздыққа әкеледі. Мұғалімнің міндеті-таза және әдемі жазуды талап ету, оқушыда сұлулық сезімін ояту, оның мінезін тәрбиелеу, жауапкершілік пен ұқыптылыққа үйрету. Әдемі және анық жазуды үйрете отырып, мұғалім оқушыны еңбекқорлық пен рақымдылықты жақсы көруге үйретеді.

Материалдар мен әдістер. «Сауат ашу» пәні бойынша үлгілік оқу

бағдарламасында (2010, 3-4 б.) «Сауат ашу» пәнінің мақсаты - айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыру үдерісі арқылы функционалды сауаттылығының негізін қалап, білім алуға ынталы жеке тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау болып табылады.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу көзделеді:

- 1) қазақ әліпбиінің әріптерімен танысу (баспа және жазбаша қаріп, бас және кіші әріптер);
- 2) әріптерден буындарды, буындардан сөздерді, сөздерден сөйлемдерді құрастыру арқылы оқу мен жазуды үйрету;
- 3) оқу дағдыларын (дұрыс, мағыналы, жылдам және ойластырылған оқу) және жазу дағдыларын (каллиграфия ережелерін сақтай отырып, дұрыс, сауатты, анық жазу) қалыптастыру және дамыту;
- 4) тілдік бірліктердің негізгі ұғымдарын (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін) және орфографияны, пунктуацияны меңгеру;
- 5) кітап оқуға деген қызығушылықты ояту;
- 6) қарапайым талдау әдістерін меңгеру арқылы салыстыру, топтастыру, жүйелеу дағдыларын дамыту;
- 7) сөйлеу мен қарым-қатынастың мәдени нормаларын сақтауға дағдылану;
- 8) сөздік қорын байыту және жандандыру, коммуникативтік сөйлеуді дамыту.

«Сауат ашу» пәнінің мәні оқушылардың өмірінде туындайтын «жетекші – әрекет» міндеттерін орындау болып табылады-оқу іс-әрекетіне бейімделу, оқуға деген қызығушылықты тұрақты зейінмен, есте сақтаумен, логикалық ойлаумен қалыптастыру, ойлауды дамыту, сөздік қорын кеңейту және сөйлеуді үйрену. Ол сонымен қатар сөйлеу әрекетін, тыңдауды, айтылуды, оқуды және жазуды дамыту арқылы басқа пәндерді үйренуге негіз болады.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясынан шыққан «12 жылдық бастауыш мектептің негізгі білім беру мазмұнын анықтау әдістемесі» атты әдістемелік құралында. (2013 ж., 5-б), бастауыш білім беру кезеңінде оқытудың мақсаты баланың жеке басының адамгершілік қасиеттерін дамыту, қоршаған әлеммен эмоционалды-құндылық қатынастарын дамыту, білім беру процесінде және танымдық іс-әрекетте жеке қабілеттері мен дағдыларын дамыту, оң ынта-жігерді қалыптастыруды қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан оқытудың негізгі мазмұны осы мақсатты жүзеге асыруға бағытталуы керек. 12 жылдық мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың жобасында білім берудің негізгі мазмұны меншік нысанына, түріне және нысанына қарамастан орта деңгейде білім беруді жалғастыру үшін игерілуі және жеткілікті болуы тиіс білім беру мазмұнының құрамы мен көлемі ретінде айқындалады. . жалпы орта білім беретін ұйымдар. А. Рахметова (1991, 12 б.) «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты еңбегінде Сауат ашудың базалық білім мазмұнына тілдің жазбаша және ауызша нысандары арасындағы айырмашылықтар мен күрделі байланыстарды ескере отырып жүргізілетін сабақ түрлерін қамтиды. Ол тілдің орфографиясы мен орфоэпиясына байланысты әртүрлі мәселелерді оқу және меңгеру үшін, ең алдымен, тілдің дыбыстық құрылымын, ондағы жеке дыбыстардың сипатын және фонетика заңдылықтарын түсіну керек деп жазады.

«Бастауыш мектеп» журналында көрсетілгендей баланың білім алуының бірінші кезеңі деп айтсақ, онда бәрі баспалдақтан басталады. Әрине, бұл мектепке жаңадан келген балалардың оқу және жазу дағдыларын үйрететін орын ол - бастауыш мектеп. Мектептегі оқу процесі сауаттылықтан басталатыны түсінікті. Сауат ашу жұмысының негізгі мақсаты - баланы жазумен таныстыру, яғни оны оқуға және жазуға үйрету. Сауат ашу - өте жауапты және күрделі міндет. Өйткені сауаттылықты оқыту кезеңінде оқушыларға дыбыстарды әріптермен белгілеуге үйретіліп қана қоймай, каллиграфия талаптарына сәйкес жазуды үйрену керек. Сауат ашудың міндеті-хат жазуды үйрену емес, оның әр элементін дұрыс есте сақтауға, ұқыпты, таза және анық жазуға, оңға емес, дәптерге үйрету. Осы талаптарды орындау негізінде студенттің көркем жазу (каллиграфия) дағдылары қалыптасады (Нурмакова, 2010, 151 б.).

Сауат ашуды дамыту барысында баланың жазу үдерісінде маңызды ерекшеліктер кездеседі. Алдымен бала әр әріпті дауыстап оқып, дауыстап айтып отырады. Сауатты адам жазғанда, ол тек сөзді ғана емес, сөйлемді де есте сақтайды. Бірақ олардың хатында олар ерік толқынынан туындаған дәйекті, жүйелі қозғалысты жүзеге асырады. Ал хат жазуды енді ғана үйрене бастаған бала оның әр элементіне бір импульс жұмсайды. Мұнда да шеберлік ұзақ тәжірибенің нәтижесінде қалыптасады, бірақ үлкен ерік-жігермен және мұқият көзқараспен ғана дағды қалыптасады. Баланың ақыл-ойы жазылған әріптің немесе сөздің, сөйлемнің мазмұнын сақтайды. Осылайша, бірте-бірте бүкіл сөз немесе сөз тіркесі ойда сақталады және олардың жазылуы тұтас әрекет ретінде жүзеге асырылады (Рахметова, 1991, 18 б.).

«12 жылдық негізгі мектептің негізгі білім беру мазмұнын анықтау әдістемесі» (2013, 37 б.) әдістемелік құралына сәйкес бастауыш білім берудің үлгілік бағдарламасындағы «Тіл және әдебиет» пәні сауат ашу (оқу, жазу), қазақ тілі, әдебиеттік оқи, орыс тілі пәндерін қамтиды. «Сауат ашу (оқу, жазу)» пәнінің ерекшелігі оқушылардың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, қарапайым грамматикалық ұғымдармен танысу, сөйлеуді тұтас, анық және жүйелі түрде ұсынуға үйрету, келісімді сөйлеуді үйрету, ауызша және жазбаша сөйлеуді дамыту, сөздік қорын байыту және белсендіру болып табылады. Аталған мақсатқа оқу және жазу сабақтарындағы үйлесімділік позициясын ескере отырып, ауызша және жазбаша сөйлеудің үш кезеңінің (алфавиттік кезеңге, алфавиттік кезеңге және алфавиттен кейінгі кезеңге дейін) негізгі міндеттерін шешу арқылы қол жеткізіледі.

Сондықтан алғашқы жазуды үйрету үдерісінің теориялық мазмұнын қарастыруда жазудың балаға алғаш мектеп табалдырығын аттағанда білімге бастау болған сауатташу пәнінің қамтитын мазмұнымен кезеңдерін зерттеу және тұжырымдау жұмысымыздың өзектілігіне айналып отыр.

Нәтижелер және талқыланулар. Зерттеу жұмысының «Сауат ашу оқулығындағы тараулар мен тақырыптарға талдаулар жасау» міндеті бойынша зерттеу нәтижелері кесте 1-де ұсынылды.

Кесте 1. Бірінші сынып «Сауат ашу» оқулығының 1-2 бөлімдеріндегі тараулармен тақырыптарға талдау

Сауат ашу 1-бөлім		
	Тарау атаулары	Тақырып саны
1	Өзім туралы	16
2	Менің мектебім	10
3	Менің отбасым және достарым	7
4	Бізді қоршаған әлем	8
5	Саяхат	10
6	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	12
Жалпы саны:		63
Сауат ашу 2-бөлім		
	Тарау атаулары	Тақырып саны
1	Тағам және сусын	11
2	Дені саудың–жаны сау	6
Жалпы саны:		17

Кесте 1-де оқулық мазмұнында орын алған тарау және тақырып сандарына байланысты екі оқулықта айырмашылықтар кездеседі. Жалпы алғанда Сауат ашу оқулығының 1-бөлімінде 6 тарау, 63 тақырып болса болса, ал Сауат ашу 2-бөлім оқулығында 2 тарау, 17 тақырып орындалған. Сауаташу оқулығының 1-бөлімі әліппеге дейінгі дайындық кезеңі және әліппе кезеңдеріне арналған (2016). Осыған орай оқулықтың 1-тарауы сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс тақырыптарын, алқалған тараулар қазақ әліпбиіндегі 42 әріппен таныстыру тақырыптарын қамтыған. Ал, Сауат ашу оқулығының 2-бөлімі әліппеден кейінгі кезеңге арналған (2016). Оқулықтың 1-тарауы дауысты және дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстыды быстар, буын, тасымал, мәтін, көркем жазу мен мәнерлеп оқуға арналған тақырыптар мен тапсырмалардан тұрады. 2-бөлімі заттың атын, қимылын, сынын, санын білдіретін сөздерді үйрететін тақырыптардан тұрады.

Зерттеу жұмысының «Сауат ашудың 3 кезеңіне арналған «Сауат ашу» оқулығындағы жаттығулардың ерекшеліктерін анықтау» міндеті бойынша зерттеу нәтижелері кесте 2-де ұсынылды.

Кесте 2. Бірінші сынып «Сауат ашу» оқулығының 1-2 бөлімдеріндегі тараулар бойынша жазу дағдысына байланысты жаттығулар саны мен түрлерін салыстыру

Сауат ашу оқулығының 1-бөлімі			
№	Тарау атаулары	Жазу дағдысына байланысты жаттығулар саны	Жазу дағдысына байланысты жаттығу түрлері
1	Өзім туралы	4	Нәтиже сабақтағы тапсырмаларға байланысты сурет бойынша әріптерді таңбалау
2	Менің мектебім	2	Жаңадан танысқан әріптеріне байланысты дыбыстарды ажыратып жазу жаттығулары
3	Менің отбасым және достарым	3	Суреттегі бас әріптермен жаңа сөз құрау және қарапайым сұрақтарға жауап жазу

4	Бізді қоршаған әлем	2	Буындардан жаңа сөз құрау
5	Саяхат	5	Мағынасы қарама-қарсы сөздерді және сурет бойынша сөздердің атын жазу
6	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	7	Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жазу; дауысты және дауыссыз дыбыстарды бөліп жазу
	Жалпы саны:	23	
Сауат ашу оқулығының 2-бөлімі			
№	Тарау атаулары	Жазу дағдысына байланысты жаттығулар саны	Жазу дағдысына байланысты жаттығу түрлері
1	Тағам және сусын	59	Сөздерді тасымалдап, буынға бөліп жазу; жұмбақтардың жауабы мен мақалдарды, өлеңдерді, жаңылтпаштарды жатқа жазу; сөздің әріптерінен жаңа сөздерді құрап жазу
2	Дені саудың – жаны сау	35	Сөздің мағынасына қарай сұрақтарды жазу; суретке қарап сөйлем құрап жазу; мәтінді оқып, түсінігін жазу
	Жалпы саны:	94	

Кесте 2-де берілгендей «Сауат ашу» оқулығындағы бірінші және екінші бөлімдерде жазу жаттығуларының саны бойынша айырмашылықтар бар. «Сауат ашу» 1-бөлімде 23 жаттығу болса, 2-бөлімде 94 жазуға арналған жаттығу қамтылған. 1-бөлімдегі жаттығу түрлері қарапайым, жазуға ықшам, әріптерді ажыратып таңбалауға, көшіріп жазуға арналған тапсырмалармен қамтылған. Ал, 2-бөлім 1-бөлімге қарағанда күрделірек, мұнда буын мен тасымалға дұрыс бөлу, суретке қарап өз ойларынан сөйлем құрап жазу, ұзақ мәтіндерді көшіру, оқыған мәтін бойынша түсінігін жазу тапсырмалары қамтылған.

Сауат ашу кезеңінде балаларда мынадай дағдылар қалыптасады: 1) сөзді буындап және тұтас сөздерді дұрыс оқу; 2) көлемі шағын текстерді саналы, түсініп оқу; 3) айтылуы және жазылуы бірдей кейбір сөздерді жазу; 4) жазған сөздерін тексеріп отыру; 5) әріптерді бір-бірімен жалғап жазу (Рахметова С. 1991).

Әліппеге дейінгі дайындық кезеңі 6-7 жастағы балаларды жаңа ортаға мектеп қабырғасына бейімдеу мен, жаңа адамдарға үйренісу және олармен қарым-қатынасқа түсумен бастау алады. Дайындық кезеңінің негізгі міндеттері – балалардың өмірінде енді бастау алған жетекші әрекет – оқу әрекетіне бейімдеу, тұрақты зейінімен жадын, логикалық ойлауымен есте сақтау қабілетін қалыптастыру, баланың тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеу, оқуға және жазуға дайындау, сөздік қорын молайту, байланыстыра сөйлеуге үйрету. Бұл кезеңде мына жұмыстарға баса назар аударылады:

1. Балалардың сөздік қорын анықтап алу.
2. Балаға өз ойын еркін жеткізуге дағдыландыру.
3. Баланың тіліне, сөйлеу мәнеріне назар аудару. Тіл мүкістігі немесе дыбыстарды анықайта алмаудың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру.

4. Мұғалімнің және достарының сөзін зейін қойып тыңдауға дағдыландыра бастау.

5. Дыбыс, буын, сөз, сөйлем туралы түсінік қалыптастырып, сөйлемді сөзге, сөзді буынға, буынды дыбысқа жіктеуге дайындық.

6. Жазуға үйретуге дайындық жұмыстары: партаға дұрыс отырудан бастап жазуға жаттықтыруға арналған әріп элементтерін жазуға үйретуге дейінгі аралықты қамтиды.

Әліппе кезеңінің – сауат ашудың еңбасты, маңызды кезеңі. Бұл кезеңнің міндеттері–қазақ әліпбиіндегі әріптермен (баспа және жазба түрі, бас әріп және кіші әріп) таныстыру. Әліппе кезеңінде дыбыстар оқушыларға алфавит ретімен емес, естілуімен айтылуы жеңіл дауысты және дауыссыз дыбыстарды үйретуден басталады. Одан әрі әріптен буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрап оқуға және жазуға дағдыландыру, байланыстыра сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын байыту және белсендіру, оқу дағдысымен жазу икемділігін қалыптастыру. Бұл кезеңді сауат ашу жұмысын зерттеушілер төрт кезеңге жіктейді. Бірінші кезеңде жуан дауысты дыбыстармен созылымды дауыссыз дыбыстардың таңбаларымен таныстырады. Екінші кезеңде қысаң дауыстылармен үнді, ұяң, қатаң дауыссызды дыбыстармен таныстырылады. Мұндағы айырмашылық–ұқсас дыбыстар салыстырыла оқытылады. Үшінші кезеңде жіңішке дауысты дыбыстармен к, г, п, б, ж, з, ң сияқты дауыссыздар үйретіледі. Бұл кезеңде оқушыларға үйретілетін буын саныда арта түседі. Соңғы төртінші кезеңде сирек кездесетін «h» сияқты дыбыстар мен солардың таңбалары таныстырылады. Сонымен қоса бұл кезеңнің мақсаты – орыс әліпбиінен қосылған әріптерді және олардың дыбыстарын саналы түрде таныстыру (Рахметова С. 1991, 32 б).

Әліппеден кейінгі кезеңде балалар көлемі шағын, қарапайым, балаға жеңіл болатын сөйлемдерден құралған әңгімелерді оқиды. Бұл кезеңнің міндеттері–оқу (сөзді, сөйлемді саналы, дұрыс және түсініп оқу) және жазу (қатесіз, сауатты, таза, каллиграфия ережелерін сақтай отырып жазу) дағдыларын жетілдіру, тіл бірліктері (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін) туралы қарапайым түсініктер қалыптастыру, оқылған мәтіннің мазмұнын талдауға үйрету, байланыстыра сөйлеу тілін дамыту, қарым-қатынастың әртүрлі жағдайында ана тілін еркін қолдануға бейімдеу.

Әліппеден кейінгі кезең соңында Е.А. Лысенковамен Е.В. Ляскина (2018, 50 б.) зерттеулері бойынша әр кезеңде үйретілетін емле қырағылығының әлсіздігі баланың қате жазуының себебі болып табылады. Бұл мәселені жою үшін орфографиялық түсініктерге үлкен көңіл бөлу қажет. Осы орайда мұғалім сыныппен белсенді қарым-қатынас жасаса және баламен жеке кері байланыс болғанда, әрбала оқыту үдерісінің толыққанды қатысушысы екендігін сезінеді. Жоғарыда келтірілген материалға сүйене отырып, қазіргі заманғы жүйе бастауыш мектепте баланы алғашқы жазуға үйретуде әріпті дұрыс жазу ережесімен оны іс жүзінде орындауды меңгерту балаға қолайлы жағдай туғызады. Алғашқы жазу қабілетін балада дұрыс қалыптастыру оның арықарай

